

ТІРКЕУ ЖӘНЕ ТӨРЕЛІК АЛЫМДАР, ТӨРЕШІЛЕРДІН ҚАЛАМАҚЫЛАР ШКАЛАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ Тарау 1.

Терминдер анықтамасы

- 1.1. «Тіркеу алымы» - төрелік істі қарастыру басталғанға дейін туындайтын шығындардың бөлігін жабатын, қандай да бір та- лапты қамтамасыз ету туралы өтініштің берілуі кезінде немесе талап-арызын беру кезінде төленетін алым.
- 1.2. «Төрелік алым» - төрелік істі қарастырумен байланысты шығындардың жабылуын қамтамасыз ететін алым.
- 1.3. «Қосымша шығындар» - нақты істі қарастырумен байланы- сты шығындар (атап айтқанда, сараптама жүргізуге кететін шығындар және жазбаша аудармалар, сарапшыларға, аудармашыларға сыйақы, куәгерлердің шығындарын өтеу, іссапар шығындар және т.б.).
- 1.4. «Төрешілердің сыйақыс» - нақты істі қарастырғаны үшін төреліктерге (сот құрамына тең үлестермен) төленетін сомалар. Төреліктің төрағасы, төраға орынбасары талап- арызының құнын, дау күрделілігін, төреліктің төрелік істі қарастыруға жұмсаған уақыты мен іске қатысты кез-келген өз- ге жағдайларды ескере отырып, әрбір нақты жағдайдағы төреліктің қаламақысының көлемін анықтайды.

Тарау 2. Тіркеу алымы

- 2.1. Талап-арызымен бірге төрелікке жүгіну кезінде талапкер «Халықаралық құқықтық реформаларға жәрдемдесу форумы» заңды тұлғалар Қауымдастығының есептік шотына келесі көлемде Қазақстан Республикасы ұлттық валютасында - теңгеде тіркеу алымын төлейді:

Алым сомасы	Жеке тұлғалар үшін	Заңды тұлғалар үшін
	18 АЕК	28 АЕК

АЕК (Айлық есептік көрсеткіш) жыл сайын белгіленеді.

- 2.2. Тіркеу алымы қайтарылмайды, алайда төрелікпен шешімді шығару және өндіруге тиісті шығындар сомасын тарату кезінде ескеріледі.
- 2.3. Тіркеу алымы талап-арызы өтініші берілгенге дейін төленеді.
- 2.4. Істің күрделілігі, соттың істі қарастыруымен байланысты ба- рынша жоғарылатылған уақыт шығындары мен шығындарды ескере отырып, төрелік төрағасы Тіркеу Алымының көлемін ұлғайту туралы шешім шығаруға құқылы.

- 2.5. Егер жеке тұлғалар өз аттарынан және өзге заңды тұлға атынан сенімхатсыз қатысса, олар талапкердің негізделген өтініші бойынша төрелік Төрағасының құқықтарымен Тіркеу алымын төлеуден босатылуы мүмкін.

Тарау 3. Төрелік алым

- 3.1. Төрелік алымның жалпы сомасын анықтау үшін сындар талап арыздарының көлемі болып табылады (төрелік алымды есептеу кестесін қараңыз).

Талап арызының көлемін анықтау мүмкінсіздігі немесе арызда мүліктік және мүліктік емес сипаттағы талаптардың бірігуі жағдайында төрелік алым сомасы төрелік істі қарастырумен байланысты шығындарды алдын-ала бағалауды ескере отырып, төрелік Төрағасымен немесе Төрағасы орынбасарымен айқындалады.

- 3.2. Шартты бұзу, шартты толығымен немесе ішінара жарамсыз деп тану талап-арызының, шартты орындауға мәжбүрлеу туралы өтініштің берілуі жағдайында немесе өзге ұқсас талаптардың берілуі жағдайында төрелік алым шарттың жалпы сомасынан кесте бойынша есептеледі.

- 3.3. Бір талап-арызында келесілердің бірігуі жағдайында: негізгі борышкерге, сақтандырушыға, кепілгерге, кепілдендірушіге, кепіл берушіге, заттай кепілдендірушіге кепілдендірілген мүліктен өндіруге жүгінуі туралы талаптың ұсынылуы немесе өзге ұқсас талаптардың өтініш етілуі жағдайында аралық алым сақтандыру шарты, кепілдендіру, кепілдікке қою, кепіл болу шарты және өзге ұқсас талаптар бойынша арыз-талаптарының сомасына қарай кесте бойынша есептеледі. Аталған жағдайларда төрелік алым сомасын есептеу негізгі міндеттеме бойынша төрелік алым есебінен жеке іске асырылады.

- 3.4. Төрелік алым талап-арызы берілген күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде төреліктің Регламенттің 17 бабының 3 тармағына сәйкес төленеді, төрелік алымның түпнұсқадағы төлемін растау талап-өтінішіне қосымшаланады.

- 3.5. Егер төреліктің қарастыруына ұсынылған дау бастапқыда екінші деңгейлі Банктің (Банктердің) және Банк клиентінің (клиенттерінің) қарыздық, кредиттік және кепілдік операциялары бойынша шарттық қарым-қатынастардан шыққан болса, онда төрелік алым көлемі талаптар бойынша құрылады:

- егер талапкер жеке тұлға болса - Регламенттің осы Тарауының қағидаларымен айқындалатын төрелік алым шамасынан 50%;
- егер талапкер Банк болса - Регламенттің осы Тарауының қағидалары бойынша айқындалатын төрелік алым шамасынан 50%.

Төрелік алым көлемін есептеу КЕСТЕСІ

Барлық сомалар ұлттық валютада.

Істер санаты және талап құны	Жеке тұлғалар үшін	Занды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін	Төрелік алым шамасынан %- да соттардың (сот құрамының тең үлестерде) қаламақыларының шкаласы
5 000 000 тг дейін	14 АЕК	2%	40%
5 000 000 тг ба- стап 10 000 000 тг дейін	18 АЕК	2%	40%
10 000 000 тг ба- стап 25 000 000 тг дейін	18 АЕК + 2% талап сомасынан	2%	40%
25 000 000тг ба- стап 100 000 000тг дейін	18 АЕК + 10% талап сомасынан	2%	20%
100 000 000 тг бастап және жоғары	93 АЕК + 2% талап сомасынан	2%	20%

Тарау 4. Төрелік алымды азайту және қайтару

- 4.1. Іс бойынша бірінші отырыс өткізілгенге дейін талап-арызын қайтарып алу жағдайында төрелік алымды немесе оның бөлігін қайтару туралы шешім қабылданады.
- 4.2. Егер төрелік өзінде оның шешуі үшін ұсынылған істі қарастыруға күзiреттiлiгi болмауы туралы шешiм шығарған жағдайда талапкерге iс бойынша өндiрiлген шығындарды шеге- ре отырып, төрелік алым сомасы қайтарылады.
 - 4.2.1. Бір жыл ішінде төрелікке талаппен қайта жүгіну жағдайын- да аралық алым көлемі төмендетілуі, алайда 25% артық емес төмендетілуі мүмкін. Тараптардың бір соты сайлауы (тағайындауы) жағдайында төрелік алым төмендетілуі мүмкін.

Тарау 5. Қарсы талап немесе талапты есепке алуға қойылатын төрелік алым

Есепке алуға, сонымен бірге өзге нысанда көрсетілген кез- келген талапқа қарсы талап, талапқа бастапқы талап үшін қол- данылған төрелік алым туралы ережелер қолданылады.

Тарау 6. Тараптар арасында төрелік алымды бөлу

- 6.1. Егер тараптар өзге туралы келіспесе, іс бойынша төрелік және өзге шығындар төреліктің шешімі қарсы шығарылған та- рапқа жүктеледі. Егер борышкердің негізгі қарызды, пайыздарды, өсімпұлдарды және шарт,

өзге арыз-талаптары бойынша т.б. төлеуі талап- арызы берілгеннен кейін іске асырылса, төрелік тараптар- мен өндірілген іс бойынша шығындарды өтеу туралы, сонымен бірге төрелік және өзге шығындарды өтеу туралы талап арызда- рын қанағаттандыруға шешім қабылдайды.

- a. Егер талап ішінара қанағаттандырылса, онда төрелік алым жауапкерге қанағаттандырылған талап арызының көлеміне тең және талапкерге - талап қанағаттандырылмаған, талап- арызының бөлігіне тең жүктеледі.
- b. Ерекше назарға ие болатын жағдайларда төрелік іс бойынша төрелік және өзге шығындарды тараптар арасында тең бөлуге құқылы.

Тарау 7. Қосымша шығындарды өтеу

7.1. Төрелік тараптарға немесе олардың біріне аванс төлеу немесе төрелік істің қарастырылуын жүргізумен байланысты толығымен қосымша шығындарды төлеуді жүктей алады.

Тараптар арасында қосымша шығындарды бөлу сот (соттар) құрамы- мен жүзеге асырылады, мүмкін болмаған жағдайда - төреліктің Төрағасымен немесе Төраға орынбасарымен жүзеге асырылады.

7.2. Қосымша шығындарды төлеуге кететін аванс немесе төлемді то- лығымен төлеу төрелікпен келесі жағдайларда талап етілуі мүмкін:

7.2.1. Егер тараптан дауды қарастыру бойынша қосымша шығындар- ды тудыратын (тудыруы мүмкін) әрекетті (әрекеттерді) жүзеге асыру қажеттілігі туралы өтініш келіп түссе және мұндай өтініш төрелікпен негізделген болып табылса, төрелік атал- мыш тараптың бекітілген мерзімде авансты немесе қосымша шығындарды өтеуге толық төлем жасауына қарай мұндай әре- кетті (әрекеттерді) орындауға қоя алады.

7.2.2. Егер тараптардың бірінің өтініші бойынша істі қарастыру кезін- де тараптардың түсініктерінің және т.б., төрелік құрамының сұрақтары, түсініктемелері және нұсқаулары секілді дүние- лердің аударылуы жүзеге асырылса, онда аударма шығындары аталмыш тараппен төленеді.

7.2.3. Егер тараптардың келісімімен істің тыңдалуы орыс немесе қазақ тілдерінде емес жүргізілсе, онда аударма бойынша мүмкін шығындар тараптардың әрқайсысы үшін тең үлесте жүктелуі мүмкін

7.2.4. Дәл осы ережелер төрелік шешімінің аудармасына қатысты қолданыста болады.

7.2.5. Егер төреліктің өткізілу орнынан тыс тұрақты орналасу ор- нына ие талқылауда тараппен сайланған соттың қатысуы жағдайында, бұл тарап оның төрелік талқылауға қатысуының шығындарының (жол жүру, өмір сүру және т.б.) авансын немесе толығымен төлеуін жүзеге асыру қажет. Оның ішінде, егер мұндай тұлға төреліктің Төрағасымен сайланған болса, он- да оның төрелік істі қарастыруға қатысуы бойынша шығында- рының авансын немесе толық төлемін жасауды тараптардың әрқайсысы тең үлесте төленуі тиіс.

7.3. Осыған қоса, тараптар нақты істі қарастыру және (немесе) дау бойынша шешім шығарумен байланысты соттардың іссапарлық шығындарын жабуға

міндетті.

- 7.4. Жауапкердің бекітілген мерзімде сәйкес авансты немесе толық төлемін төлемеуі жағдайында төлеу төрелік шешімінде та- лапкердің пайдасына жауапкерден аванс сомасын кейіннен және соманы бөле отырып төлеу жүктеледі.

**«Халықаралық құқықтық
реформаларға жәрдемдесу Форумы»
заңды тұлғалар Қауымдастығының Президенті Юсупбаев М.А.**